

Целиноград аудандық мәслихатының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2018 жылғы 24 тамыздағы № 236/33-6 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 25 қыркүйекте № 6793 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2022 жылғы 25 шілдедегі № 161/29-7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 25.07.2022 № 161/29-7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Ақмола облысы Целиноград ауданының № 96 Разъезд ауылын қайта атау туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2018 жылғы 14 маусымдағы № А-6/263 қаулысы және Ақмола облыстық мәслихатының 2018 жылғы 14 маусымдағы № 6С-21-9 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6712 болып тіркелген) шешіміне сәйкес Целиноград аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Целиноград аудандық мәслихатының кейбір шешімдеріне келесі өзгерістер енгізілсін:

"Целиноград ауданының Ақмол ауылы мен ауылдық елді мекендеріндегі бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" Целиноград аудандық мәслихатының 2014 жылғы 13 ақпандағы № 185/26-5 шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4036 болып тіркелген, 2014 жылғы 28 наурызда "Ақмол ақпараты", "Вести Ақмола" аудандық газеттерінде жарияланған):

көрсетілген шешімге 2-қосымшада:

кестенің 3-бағанында (аймақ нөмірі I):

жиырма үшінші жолда "Разъезд № 96" сөздері "Ыбырай Алтынсарин ауылы" сөздерімен ауыстырылсын;

"Целиноград ауданы елді мекендерінің жерлеріне жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" Целиноград аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 қарашадағы № 70/8-6 шешімінде (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5656 болып тіркелген, 2017 жылғы 6 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған):

көрсетілген шешімге қосымшада:

кестенің 3-бағанында (аймақ нөмірі II):

он екінші жолда "разъезд № 96" сөздері "Ыбырай Алтынсарин ауылы" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы,
аудандық мәслихатының
хатшысы*

Б.Жанбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

*Целиноград ауданының
әкімі*

М.Тәткеев

24. 08. 2018 ж.